

**"Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлерін белгілеу туралы" Қызылорда қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 16 наурыздағы №5067 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Қызылорда облысы Қызылорда қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 9 наурыздағы № 7334 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 5 сәуірде № 5777 болып тіркелді

"Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңына сәйкес Қызылорда қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлерін белгілеу туралы" Қызылорда қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 16 наурыздағы № 5067 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №5472 тіркелген, "Ақмешіт ақшамы" газетінде 2016 жылғы 27 сәуірде №35, "Қызылорда Таймс" газетінде 2016 жылғы 27 сәуірде №18, "Әділет ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 25 мамырда жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

аталған қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда қаласының әкімі  
"КЕЛІСІЛДІ"

Н. Нәлібаев

"Қызылорда қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы

Е.Қ.Бердібаев  
"9" наурыз 2017 жыл

Қызылорда қаласы әкімдігінің  
2017 жылғы 9 наурыздағы  
№7334 қаулысына қосымша  
Қызылорда қаласы әкімдігінің  
2016 жылғы 16 наурыздағы  
№5067 қаулысына қосымша

**Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді (коммуналдық тұрғын үй қорынан) пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлері**

№	Мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үйдің (коммуналдық тұрғын үй қорындағы) мекенжайы	Пайдалануға берілген жылы	Айына бір шаршы метр үшін төлемақы мөлшерлері (теңге)
1	2	3	4
1	Қызылорда қаласы, Сырдария мөлтек ауданы, Қасымхан көшесі, №3б үй	2012	60 теңге
2	Қызылорда қаласы, Тасбөгет кенті, Е.Бозғұлов көшесі, №1, 2, 3, 4, 5, 8 үйлер	2012	60 теңге
3	Қызылорда қаласы, Сырдария мөлтек ауданы, №10 үй	2013	61 теңге 7 тиын
4	Қызылорда қаласы, Сырдария мөлтек ауданы, Қасымхан көшесі, №1б үй	2013	58 теңге 3 тиын
5	Қызылорда қаласы, Тасбөгет кенті, Е.Бозғұлов көшесі, №6, 7, 9, 10, 11, 12 үйлер	2014	60 теңге
6	Қызылорда қаласы, Әбу-Насыр Әл-Фараби көшесі, №1, 2, 3, 4, 5, 6, 7 үйлер	2015	46 теңге 66 тиын
7	Қызылорда қаласы, Жаппасбай батыр көшесі, №4, 5, 6 үйлер	2015	60 теңге
8	Қызылорда қаласы, Титов тұрғын ауданы, Ә.Қашаубаев көшесі, №17б үй	2015	60 теңге
9	Қызылорда қаласы, Есімхан көшесі, №17а, 19а, 23б үйлер	2015	60 теңге
10	Қызылорда қаласы, Арай тұрғын ауданы, Арай-15 көшесі, №110, 112, 114, 116, 118 үйлер	2015	66 теңге 70 тиын
11	Қызылорда қаласы, Жаппасбай батыр көшесі, №1, 2 үйлер	2016	60 теңге
12	Қызылорда қаласы, Тасбөгет кенті, Е.Бозғұлов көшесі, №13 үй	2016	60 теңге

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК